# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2021 жылғы 24 қыркүйек № 5165-21-00-2/1215 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «GRANT II» Калмуратов Ахмет Жакипович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**СОТҚА ҚАТЫСҚАН:**
талап қоюшы өкілі Д.Бейсенов

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

«Отрар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Түркістан облысы, Отырар ауданы, Ақтөбе ауыл округі, Ақтөбе елді мекеніндегі М.Әлімбеков көшесін абаттандыру» (конкурс №5765170-1, лот №41793513-ОК2) жұмыстарына ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жарияланған, 2021 жылдың 21 маусымында конкурс қорытындысы қайта қаралып, қорытынды хаттамасына сәйкес жеке кәсіпкер «GRANT II» жеңімпаз болып айқындалған.

Жеке кәсіпкер «GRANT II» Калмуратов Ахмет Жакипович конкурстық құжаттамаға 5-1 қосымшада азамат Жанибеков Айбек Исенбековичтен жалға алынған деп көрсетілген (Автогрейдер ДЗ-98, Каток дорожный 30т LUTONG LTP 2030, Каток XCMG 132, Каток DYNAPAC 8т) арнайы техникалары ол азаматтың атына тіркелмегендігі Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы №01/024 жауап хатымен белгілі болған.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 30.09.2021
Заңды күшіне енген күні: 02.11.2021, судья Рүстем Б. М., 02.11.2021
5165-21-3-1/1368

Талап қоюшы жауапкер жеке кәсіпкер «GRANT II» Калмуратов Ахмет Жакиповичті конкурстық құжаттамаға біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұрап сотқа талап қою арызымен жүгінген.

Жауапкерден талап қою арызына қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Д.Бейсенов талап қою арызын қолдап, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орнымен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғаны мен жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы немесе бейне байланыс арқылы сотқа қатысу туралы өтініш берген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің негізінде сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

АПК-нің 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Талап қоюшы тарап талап қою арызындағы сілтеме жасаған мән-жайларын дәлелдеп, дәлелдеме құжаттарын ұсынса, ал жауапкер талап қою арызындағы мән-жайларды жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

Соттың бастамасымен 2021 жылғы 16 тамызда жолданған сұраныс хатына сәйкес, Шымкент қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы мен Түркістан облысы бойынша ауылшаруашылығы басқармасы азамат Жанибеков Айбек Исенбековичтің атына ауыл шаруашылығы және арнайы техникалар тіркелмегенін растап хабарлаған.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 30.09.2021
Заңды күшіне енген күні: 02.11.2021, судья Рустем Б. М., 02.11.2021
5165-21-3-1/1368

Сот отырысында жауапкердің біліктілік талаптары және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады. Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 459 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «GRANT II» Калмуратов Ахмет Жакипович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «GRANT II» Калмуратов Ахмет Жакиповичтен мемлекет кірісіне сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 459 (бір мың төрт жүз елу тоғыз тоғыз) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 30.09.2021

Заңды күшіне енген күні: 02.11.2021, судья Рүстем Б. М., 02.11.2021

5165-21-3-1/1368